Мысалда Yandex Translator-дың ағылшын тіліндегі “We are in the same page”,- деген сөз тіркесінің аудармасы. Аударма сөзбе-сөз және бұл дұрыс емес, ситуациялық модельді қолданып, “ойымыз бір екен”,- деп аударуға болады. Осыдан біз жоғары сапаны талап ететін сөздер мен сөз тіркестердің машиналық аудармамен аударыла алмайтынына көз жеткізе аламыз.

Дәстүрлі аударма бір тілден екінші тілге аудару, машиналық аудармаға қарағанда ұзағырақ қалыптасу тарыхы бар. Машиналық аударма терең мәдени айырмашылықтарды түсінуді талап ететін әдеби аудармаларды аударма алмайды, себебі әдеби аудармалар аудармашының кәсіби және шығармашылық тәсілдерін талап етеді. Ал машиналық аударма тек қана сөзбе-сөз аударуға бейімделген. Жоғары дәрежедегі аударма машинамен емес, адамдармен жасалуы қажет.

Жасанды интеллекттің ілеспе аударма саласына интеграциясы барысында біраз жетістіктерге жетті. Қазіргі таңда жасанды интеллект спикердің сөзін түсініп аударма алады. Нәтижесінде, бүгінгі таңда ілеспе аударманы адамда, жасанды интеллектте жасай алады. Бүгінде осындай ілеспе аударманы жасай алатын жүйені біраз компаниялар жасап шығарды. Олардың бірі компаниясы, 2019 жылы Google компаниясы шығарған Translatotron деп аталатын ілеспе аударма жасауға негізделген жасанды интеллектті. Translatotron тек қана спикермен бір уақытта ғана аудармай, аударманы тыңдаушыға спикердің дауысымен жеткізеді. Алайда, осы технологияның айтарлықтай жетістіктеріне қарамастан, үлкен кемшілігі бар. Технология спикердің дауысын қайталай алғандықтан оны алаяқтар дипфейктерді жасау үшін қолдана алады. Кейінірек Google компаниясы кемшіліктерді ескеріп Translatotron 2 жүйесін жасап шығарды, системаның осы түрінде аударма спикердің дауысынан өзгеше болып шығады және өнімділігі бастапқы жүйемен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Google компаниясынан басқа тағы Microsoft, Yandex сынды компаниялар өздерінің ілеспе аудармаға арналған жасанды интеллектті жүйелерін шығарды, олардың барлығы автоматты түрде спикердің сөзін түсініп (ASR), транскрипция жасап және шынайы уақытты аударма алады. Бірақ жасанды интеллект тек қана жақсы зерттелген және әлемдік тілдер арасындағы аудармаларды ғана жақсы істейді, мысалы ағылшын, испан, француз және т.б, басқа тілдер арасындағы немесе жақсы зерттелген және аз зерттелген тілдер арасындағы аудармаларға аудармашылардың көмегі қажет, өйткені қате жіберілу мүмкіндігі өте жоғары. Қиын, жоғары дәрежедегі, мысалы айтатын болсақ әдеби туындылар, саяси құжаттар, ғылыми-техникалық құжаттар ілеспе аударма жұмыстарын жасанды интеллект жасай алады, бірақ оған сенудің қажеі жоқ. Өйткені қате жіберілген жағдайда салдары өте үлкен болуы мүмкін. Сондықтан-да аударма адамның көмегімен жасалуы тиіс. Машиналық аударма мүмкін емес тілдерде бар, мысалы, қытай тілі. Қытай тілінде бір-неше мағынасы бар өрнектер өте көп, сондықтан-да машиналық аударма көмектесе алмайды. Жасанды интеллект өте қарқынды дамуда, бірақ оған қарамастан аударма сапасы үлкен мәселе болып қала берді.

Ауызша аударма жасанды интеллект үшін қиын салалардың бірі. Ауызша аударма процесі тек қана екі немесе оданда көп тілдер арасындағы аударманы ғана емес, сондай-ақ мәдениетті, эмоцияларды және т.б. Жасанды интеллект адам эмоцияларын түсіне алмайтын болғандықтан ілеспе аударманы жасай алмайды.

Жасанды интеллектке негізделген дәуірінде, болашақта адамдар мен машиналардың бірге өмір сүру мүмкіндігі артуда. Осы сәтте дәстүрлі аудармамен машиналық аударма арасындағы балансты сақтау өте маңызды Жасанды интеллектті аудармада басқаша қолдануға болады. Аудармашылар аударма жасамас бұрын аудармаға дайындалады. Жасанды интеллектті осы дайындық барысында қолдануға болады:

- Терминология іздеуде, глоссарий жасауда. Кез-келген саланың өзінің терминологиясы, сәйкесінше глоссарий бар. Жасанды интеллекттің көмегімен қажет термин сөздерді іздеп, аудармаларын тауып, дайындық барысын жеделдетуге болады;

- Спикерлердің ерекшеліктері. Адамдардың барлығы сөйлеу жылдамдығы, ырғағы жағынан ерекшеленеді. Жасанды интеллекттің көмегімен спикерлердің бұрынғы сөйлеген сөздерін іздеп-тауып дайындалуға болады.

Жасанды интеллект аударма саласын өзгертеді, мықты аудармашылар осы салада қалады, ал әлсіздер басқа салада өз орындарын табады. Жасанды интеллект адамның орынын баса алмайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Шамансуров Ш. Влияние искусственного интеллекта на развитие области синхронного перевода // Translation Forum – 2023. – Ханжоу, Китай 305-309с.
2. Лю Лусин Влияние искусственного интеллекта на работу переводчика в современном обществе // Уральский федеральный университет имени первого Президента России Б. Н. Ельцина – Екатеринбург, Россия 451-457 с.
3. Translatotron 2- ИИ – система для синхронного перевода устной речи без возможностей злоупотреблений [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: [https://www.tadviser.ru/index.php/%D0%9F%D1%80%D0%BE%D0%B4%D1%83%D0%BA%D1%82:Google_Translatotron_\(%D0%9F%D0%9E_%D0%B4%D0%BB%D1%8F_%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D0%B0_%D1%83%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%BE%D0%B9_%D1%80%D0%B5%D1%87%D0%B8\)](https://www.tadviser.ru/index.php/%D0%9F%D1%80%D0%BE%D0%B4%D1%83%D0%BA%D1%82:Google_Translatotron_(%D0%9F%D0%9E_%D0%B4%D0%BB%D1%8F_%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D0%B0_%D1%83%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%BE%D0%B9_%D1%80%D0%B5%D1%87%D0%B8))
4. Sokolova N.V. MACHINE VS HUMAN TRANSLATION IN THE SYNERGETIC TRANSLATION SPACE // Science Journal of VolsU. Linguistics. 2021. Vol. 20. No. 6. - Perm National Research Polytechnic University, Perm, Russia 89-98p.
5. Сравнение и противопоставление переводов искусственного интеллекта и человека [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: <http://english.volsu.ru/2023/http-comparing-and-contrasting-ai-and-human-translation/>

ӘОЖ 81'25

Muratova Amina Karimzhanovna
Abylai Khan KazIR and WLU
III year student, Specialty: Translation
Almaty city, Kazakhstan
E-mail: muratovaa_a@mail.ru
Research supervisor:
Prof. **Salzhanova L.E.**
E-mail: lal_salshan@mail.ru

FEATURES OF TRANSLATING OFFICIAL DOCUMENTS (FOR QUESTIONS ABOUT THE CONSTITUENT ELEMENTS IN THE TRANSLATION PROCESS)

The proposed article discusses issues that often arise in the process of translation: national world pictures and cognitive process; competence and methods; gaps and recommendations. The material discussed is Resolution №597, adopted by the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokayev on June 9, 2021. The purpose of the article is to show some complex procedural components of translation, including not always available to practical knowledge and cognition of anticipation of the world or (con)text.

Key words: competence, explicative methods, translation technique, transcendence strategy

Мұратова Әмина Кәрімжанқызы
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
III курс студенті, Мамандық: Аударма ісі
Алматы қаласы, Қазақстан
E-mail: muratovaa_a@mail.ru
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. Салжанова Л.Е.
E-mail: lal_salshan@mail.ru

РЕСМИ ҚҰЖАТТАРДЫ АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (АУДАРМА ҮРДІСІНДЕГІ ҚҰРАМДАС ЭЛЕМЕНТТЕР МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША)

Берілген мақалада аударма процесінде жиі кездесетін мәселелер қарастырылады: болмыстың ұлттық көріністер мен таным үрдісі; құзіреттілік және әдістер; олқылықтар мен ұсыныстар. Материал ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 9 маусымында қабылдаған № 597 қаулысы талқыланады. Мақаланың мақсаты – аударманың бірнеше күрделі, соның ішінде тәжірибелік білім мен танымға қол жетімді емес дүниені немесе (мән)мәтінді болжаудағы процедуралық құрамдас бөліктерін көрсету.

Тірек сөздер: құзіреттілік, экспликативтік әдістер, аударма техникасы, трансценденциялық стратегия

Жалпы ережелер мен кіріспе.

Аударма саласында еңбек ету үшін маманға екі тілді бірдей өте жақсы меңгеру аздық етеді. Себебі ол екі жақты мәдениетаралық коммуникацияны іске асыратын болғандықтан сол тілге тиек етіп отырған екі ұлттың да тілдік көрінісіне қатысты танымдық ерекшеліктерін, менталитетін, яғни ойлау тәсілінің қыры мен сырын білу қажет. Әрине шетел тіліне қатысты бұл қасиеттер біріншіден, трансценденттік болып табылады. Ол дегеніміз «басқа дүние», өзгеше көзқарас, басқа тілде сөйлейтін адам болмысының көзге іліне бермейтін «арттағы, артқы шепте» тұратын концепциясын ұғыну. Латын тілінен енген трансценденттік (немесе трансцендентальды) термині философиялық ұғым болғанымен, тіл білімінде *transcendens* «асып түсу, шектен тыс білу-түсіну-ұғ(ын)у», сыртқы экстернді мәтінді байқау, тәжірибелік білім мен танымға қиындық туғызатын немесе қол жетімді емес дүниені болжау сияқты кең мағынада қолданылады. Екіншіден, аударма қызметі бірнеше іс-әрекеттердің күрделі құрылымынан және әр түрлі тұрғыдағы қарастырудан тұрады. Үшіншіден, ол басқа нәрселермен қатар «талдау, салыстыру, аналогиялау, қорытынды жасау, таразылау, таңдау, біріктіру, ассоциациялау, интерпретациялау және т.б.» тәрізді процедуралық құрамдас бөліктерден тұратын, интерактивті байланыста болатын операциялардың психикалық тізбегі ретінде сипатталады [1, б. 653]. Егер біз бұл психологиялық тізімге филология іліміндегі өте өзекті құбылыс – когнитивтік үрдіні, когнитивтік психологияны (таным процесіндегі құбылыстарды) қоссақ, онда аударматану ғылымындағы парадигмалардың күрделілігін одан ары баса айтқан түскен болар едік.

Қазіргі неміс тіліндегі онлайн «Duden» (Дуден) түсіндірме сөздігін бірден-бір танымал және ең беделді сөздік деп санауға болады. Герман тілдер аясында жиі қолданылатын Duden сөздігі тілдегі барлық бірліктерді реттеуші құрал емес, дегенмен сөздіктің әлеуметтік мәні өте зор және ол көптеген адамдар үшін тіл мен сөйлеу жағдаяттарында қолдану мәселелеріне қатысты «бағдаршам» болып табылады. Сонымен: Duden сөздігі «die Transzendenz» терминін пайдаланудың екі бағыттағы мағынасын ұсынады: а) білім саласына қатысты: *jenseits der Erfahrung, des Gegenständlichen Liegendes* – тәжірибенің арғы жағында, мақсаттан тыс; ә) философияға қатысты: *Überschreitung der Grenzen von Erfahrung und Bewusstsein, des Diesseits* – тәжірибе мен сананың, осы (объективті шындық) дүниенің шекарасынан шығу [2]. Ал мұндай әрекеттер – яғни аударма үрдісінде туындаған мәселені шешу, жұмыс барысында қолайлы шешім қабылдау, шығармашылық таныту, әсіресе трансценденциялық стратегия секілді операциялық


категорияларды ұйымдастыру – аударма процесінде өте маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы.

Соңғы жылдары еуропалық аударма ғылыми саласында іске асырылып жатқан үлкен жоба – РАСТЕ (Process in the Acquisition of Translation Competence and Evaluation-Аударма құзіреттілігін меңгеру және бағалау процессі) бағдарламасы аударма құзіреттілігінің (translation competence) төрт ерекше қасиетін атап көрсетеді және аударма құзіреттілігінде (АҚ) оны бірден-бір маңызды принциптер деп көрсетеді: 1) АҚ – бұл екі тілді меңгерген аудармашылардың барлығына бірдей тән емес сараптамалық білім бар екенін мойындау (яғни аудармашылар қаншама мықты болса да, олардың әр қайсысының білім дәрежесі әр түрлі болады); 2) АҚ – ол негізінен декларативті емес, процедуралық білім (яғни аударма әрекеті көбінесе дағдыны қажет етеді); 3) АҚ – ол өзара байланысты бірнеше қосалқы құзіреттерден немесе біліктіліктен (sub-competences) тұрады (мысалы: Bilingual sub-competence; extra-linguistic sub-competence; knowledge about translation sub-competence, instrumental sub-competence; strategic sub-competence); 4) АҚ-тің ең басты стратегиялық компоненті (процуралық білімнің барлық түрлеріндегі сияқты) ерекше маңызға ие [толығырақ 3; 4 қараңыз және салыстырыңыз]. Ал А. Риску (Risku, Hanna) бұл жобаның келешегінің перспективасы өте жоғары екенін атап өтеді. Сонымен қатар ол аударманың «теориялық негізін құрайды және экспликативтік әдістің (латын тілінен *explicatio* – түсіндіру, аумағын кеңейту) күрделі және динамикалық жүйесін» береді деген [5].

Олай болса аударма барысында соңғы мақсатқа жету жолында туындайтын мәселелерді шешу, қосалқы құзіреттіліктерді белсендендірудің мәні зор. Ал кез келген кемшіліктерді жою жолында ең қолайлы әдістерді таңдай білу де тиімді болатынын атап өткен жөн. Жазбаша және ауызша аудармада қолданылатын және аудармалық шешімнің басты қағидаттары-принциптері болып табылатын классикалық әдіс – ол экспликативтік әдіс. Экспликативтік әдістің ең көп тараған түрлері контент-талдау, оқиғаларды немесе жағдаяттарды талдау (event-талдау), когнитивтік көріністі елестету немесе түрлендіру әдісі (cognitive mapping method) және оның бірнеше түрлері.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарға қарап аударма процесіндегі стратегияны (немесе стратегиялық құзіреттілікті) қаншалықты дұрыс қолдану жөнін немесе сұлбасын төмендегідей берсе болады (1-ші сұлба: құзіреттіліктің орналасу тәртібі):



1-ші сұлба: Аударма процесіндегі стратегия құзіреттілігінің жүйесі

Контент-талдау әдісін алғаш рет саясаттану ғылымында американдық зерттеуші

Г. Лассуэлл және оның әріптестері саяси мәтіндердің үгіт-насихаттық бағытын зерттеу кезінде қолданды, – деп көрсетеді Л. Маа [6, б. 338]. Жалпылама түсіндіретін болсақ, бұл әдісті жазбаша немесе ауызша мәтіннің мазмұнын жүйелі түрде зерттеуде қолданған өте ыңғайлы. Себебі мәтінде біркелкі сөз тіркестері немесе сюжеттер жиі қайталанатын жағдай болады. Егер олар бейтарап рөл атқаратын болса, онда мәтін мазмұнындағы саяси бағытты ары қарай ыңғайластырып реттеу үшін, қысқартып жіберуге болады. Бірақ бұл әдістің салдарынан мәтіннің жалпы мазмұны жапа шекпейді және реципиент дұрыс бағытта түсінеді. Бұл жағдайда аудармашы аудармадағы сөйлемдерді біріктіру техникасын қолданады. Мұндайда көбінесе екі жай сөйлемді бір ғана құрмалас сөйлемге біріктіру мүмкіншілігін айтамыз, мысалы:

That was a long time ago. It seemed like fifty years ago.

That was a long time ago, it seemed like fifty years ago.

Бұл баяғыда болды (болғандай), тіптен елу жыл өткен сияқты. (J. Salinger, The Catcher in the Rye)

April 4th, 1984. Last night to the flicks. All war films.

1984 жыл, 4 сәуір. Кеше кешкесін (кинода) фильмдердің бәрі соғыс жайлы болды. (George Orwell, Nineteen Eighty-Four); (Аудармалар авторларға тиесілі).

Жоғарыда берілген екі мәтіннің қысқарту тәсіліне қарап, аударма мүмкіншіліктерінің мол екенін білеміз және шек қоюға да болмайтынын көреміз. Мысалы: «Бұл тіптен елу жыл бұрын өткендей», – деп те аударуға болады. Немесе екінші мәтінде, жағдаяттың қай жерде (кинода) болғанын нақтыламаса да болады, себебі ең маңыздысы «Қашан және не жайлы болғанында». Әрине аударма үрдісінде басқа да әдістер жеткілікті. Соның кейбіреуі, мысалы:

– лексикалық бірліктерді жылжыту немесе орындарын ауыстыру әдісі (Method of moving lexical units);

– қалдырып кету немесе нөлдік аударма (Reception of omission = Zero translation);

– лексикалық қосымшаларды қабылдау (Reception of lexical additions) және т.б.

Мақаланың материалы ретінде 2021 жылы 9 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы» Ақордада қабылдаған қаулысын негіз етіп алдық. Осыған қоса оның ағылшын тіліне «On further measures of the Republic of Kazakhstan in the field of human rights» аудармасы мен түпнұсқа ретінде жазылған орыс тілді мәтінін (салыстыру үшін) қарастыруды жөн көрдік.

Нәтижелер мен талқылаулар.

Өкінішке орай салыстыру және талқылау барысында қаулының мемлекеттік емес, ресми тілде (орыс тілінде) жазылғаны байқалды. Сондықтан орыс тілінен (О дальнейших мерах Республики Казахстан в области прав человека) қазақ тіліне аудару кезінде, ол нұсқада да біршама олқылықтардың бар екенін көрдік. Оның үстіне түпнұсқа ана тілінде емес, басқа тілде жазылған соң, мәтіндердің мазмұндық құрылымында айырмашылықтың болатынын және семантикалық алмасу (semantic shift) байқалатынын баса айтқымыз келеді. Әрине, аударма барысында ондай жағдайлар болып тұрады. Алайда мемлекеттік құжаттарға келгенде жоғары ұқыптылық пен қырағылық танытқан абзал.

Сонымен үш тілдегі түп нұсқа:

І В целях принятия Адам құқықтары саласында In order to take further action in the дальнейших мер в области одан әрі шаралар қабылдау field of human rights, I decree: прав человека **постановляю:** мақсатында **қаулы етемін:**

1. Правительству Республики Казахстан:

1. To the Government of the Қазақстан Республикасының Үкіметі:

2. Утвердить План Адам құқықтары to approve the Plan of Priority первоочередных мер в саласындағы бірінші Measures on Human Rights области прав человека кезектегі шаралар жоспарын (hereinafter referred to as the (далее – План мероприятий), (бұдан әрі – Іс-шаралар Action Plan), which envisages the п р е д у с м а т р и в а ю щ и й жоспары) бекітсін, онда following areas of work: следующие направления мынадай жұмыс бағыттарын работы: көздесін:

Түзетілімдер (авторлар құзіретінде): Қазақ тілінде кімге немесе неге арналғанын білдіру үшін берілетін қаратпа сөздерінде барыс септік жалғаулары -на, -не қолданылады [толығырақ 7], мысалы, ел-і-не, жер-і-не. Осы ереже тұрғысынан қарағанда жоспардың алғашқы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» сөйлемінде -не жалғауы түсіп қалған, яғни ... ‘Үкіметі-не’ болуы шарт, оның үстіне ‘правительству’ және ‘to the Government’ сөздері де осыған меңзеп тұрғандай. Орыс тіліндегі *первоочередные меры* (ағылшын тілінде: *priority measures*) тіркесі «*бірінші кезектегі* (шаралар)» тіркесімен сөзбе сөз аудару арқылы берілген. Бұл жерде қателік жоқ, дегенмен мәтін негізінде ‘басымдылық’ мағынасы көрініп тұр (негізгі, басқы т.б.). Сонымен қатар «Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітсін, онда мынадай жұмыс бағыттарын көздесін» сөйлемін қарастыра отырып, бірнеше түзетулер енгізбекпіз: ‘саласындағы’ емес, ‘саласында’; мынадай емес ‘келесідей’ немесе ‘төмендегідей’ (себебі шаралар немесе әрекеттер артынан беріліп тұр); ‘бекітсін’ емес (бұл жерде «кім бекітсін» сұрағына жауап беру қажеттілігі туындайды), орнына ‘бекітілсін’ (болымсыздық етістігі); ‘көздесін’ (‘предусмотреть/смотреть’ деген тура мағынада) емес, (‘көздеу’ сөзі әдетте ‘нацеливать, иметь цель’ мағынасында беріледі) ‘нысанаға алынсын’ немесе ‘көздейтін жұмыс бағыттары/аясы’, дей отырып сөйлем берілуі қажет. Неғұрлым дұрыс сөйлем «Адам құқықтары саласында одан *әрі шаралар* қабылдау мақсатында **қаулы етемін**: 1. Қазақстан Республикасының *Үкіметіне*: Адам құқықтары саласында келесідейдей жұмыс бағыттарын көздейтін (нысанаға алынатын) негізгі *шаралар* жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін».

Синонимдер және антонимдер қатарын өңдеу құзіреттілігін меңгеру аудармашы үшін де қызығушылық тудырады. Ағылшын тіліне аударылған нұсқада ‘priority’ сөзі аудармашының назарынан тыс қалмауы керек, себебі ‘первоочередные меры’ және ‘бірінші кезектегі шаралар (негізгі шаралар)’, тек ‘Priority Measures’ деп аударылып қана қоймайды. On-line сөздігі бұл сын есімге бірнеше мәндес сөздер ұсынады: precedence, greater, importance, preference, urgency, immediacy, the lead, precedency, preeminence, antecedence, seniority, superiority, ascendancy [8] және т.б. Бұл тізбекте бірнеше сын есімдер аудармашыға көмекке келе алады және алдыңғы сын есімді ұтымды ауыстыра алады. Ағылшын тілі сөйлеміндегі «In order to take further action» бөлігі «одан *әрі әрекет*» немесе «*ары қарайғы әрекет*» мағынасын білдіреді. Егер біз қазақ тіліндегі сингармонизм заңына сүйенетін болсақ, онда «одан *әрі шаралар*» бөлігіндегі ‘*әрі*’ сөзін де қарастырған болар едік. Қазақ тілінің емле сөздігінде ‘*әрі*’ де ‘*ары*’ да сөздері бар, екеуі де дұрыс [толығырақ 9]. Бірақ ол да сөйлем ішінде (немесе тіркес ішінде) дауысты дыбыстар үндестігіне лайық берілгені жөн. Қазақ немесе орыс тілдерінен ағылшын тіліне аударған кезде көбінесе сығымдау принципі (компрессия) қолданылады [10, б. 367], мұнда ‘which’ шылауынан бас тартуға да болады. Түп (орыс тіліндегі) нұсқадағы етістік ‘предусматривать-envisage’ немесе үйлестік айналым ‘предусматривающий-which envisages’ ағылшын тілінде ‘include’ етістігімен де өте үйлесімді берілген болар еді. Себебі бұл жерде жұмыс бағыттары, жұмыс жүргізуді қамту мағынасы бар. Немесе *the following areas of work* тізбері *following works* тіркесімен берілген жағдайда да мазмұн құрылымы ешқандай бұзылмаған болар еді.

Келесі «БҰҰ-ның шарттық органдарымен және БҰҰ-ның Адам құқықтары бойынша кеңесінің арнаулы рәсімдерімен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру» сөйлемі қазақ әлемінің тілдік көрнісіне жат, сондықтан ол көзге түрпідей тиеді. Соның ішінде ‘іс-қимыл тетіктерін

жетілдіру’ бөлігі қазақ дүние танымымен, менталитетімен (ойлау тәсілімен) тіптен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дүние десе де болады. Сондықтан ‘ (іс-қимыл) тетіктері’ лексикасы орыс тілінде бірінші түп нұсқаның «совершенствование *механизмов* взаимодействия с договорными органами ООН и специальными процедурами Совета ООН по правам человека» контентін барынша ана тілдік концептте түсінуді немесе түсіндіруді қажет етеді. Ал ағылшын тілінде ‘*механизм*’ сөзі латын тілінен енгендіктен сол қалпынша (*mechanism/s of interaction*) беріле алады, оған себеп екі тілдің де бір тіл ұясына жатуында. Мұндай талас тудыратын жағдайда сөздің шығу тәркініне жүгінеміз: Механизм (грек тілінен *μηχανη* – құрал, машина) – бір немесе бірнеше қатты денелерді басқа қатты денелер арқылы қажетті қозғалысқа келтіретін денелер жүйесі [11]. Бір сөйлемнің ішінде бір аббревиатураның (қысқарған сөз) екі рет қайталануы да сөйлемнің сыртқы көрінісін, «пішінін» ғана бұлдірмейді, сонымен қатар стильдік бітімін де бұзады; тығырықтан шығу жолы – ол қысқарған сөз(дер)ді түгел беру немесе екінші қайталымында есімдікті қолдану, мысалы: БҰҰ – *Біріккен Ұлттар Ұйымының* шарттық органдарымен және *оның* Адам құқықтары Осы сөйлемдегі ‘арнаулы (рәсімдерімен)’ сөзі де ‘арнайы’ лексикасымен ауыстырылғаны дұрысырақ болар еді: специальные процедуры Совета ООН по правам человека – БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдері – *special procedures of the UN Human Rights Council*.

Талқылау процедурасын неғұрлым толықтыру мақсатында тағы бір мысалды, яғни үшінші пункты бермекшіміз:

ежегодно к 25 января по итогам года <i>представляют</i> в Администрацию Президента Республики Казахстан информацию о ходе выполнения Плана мероприятий	жыл сайын 25 қаңтарға қарай жыл қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат <i>ұсынсын</i>	annually, by January 25, based on the results of the year, <i>submit</i> to the Executive Office of the President of the Republic of Kazakhstan information on the implementation of the Action Plan
--	---	--

Жоғарыда берілген мәтінде көзге түсетін *представляют-ұсынсын-submit* етістігі талқыланады. Қазақ тіліндегі балама ‘ұсыну’, әдетте, ұсыныс жасау, кеңес беру мағыналарында қолданылады. Мысалы: тамақ түрлерін, мәзір түрлерін ұсыну, тауар ұсыну, біреудің кандидатурасын ұсыну; қызға үйленуге ұсыныс жасау т.б. Бір сөзбен айтқанда ‘ұсыну’ іс-әрекеттің бітпегенін, тындырылмағанын көрсетеді. Сондықтан бұл жерде нақтылық қажет болғандықтан, ‘ақпарат беру’ тіркесімен ауыстырған, шектелген дұрыс. Орыс тілді ресми құжаттың стильдік тәсілінде ‘предоставлять информацию о ...’, деп беріледі, яғни бөлінбейді: *предоставлять* о ходе выполнения Плана мероприятий в Администрацию Президента Республики. Ал ‘*submit*’ етістігі бір нәрсені қарастыру (***submit proposal, document***), жіберу (отправить) аудармалары арқылы, істің болымсыздығын көрсетеді, мысалы: *submit information* немесе *submitted to an expert group for evaluation, submit a proposal for consideration, submit for consideration*. Қателік мұнда жоқ болып көрінетіндей, бірақ қанша дәлелдесек те сөздің тәркінінде ‘қарастыру’ лексикалық компонентінің мағынасы тұратыны ескерілу керек. Ол істің түпкілікті біткенін бере алмайды. Көмекке басқа етістіктер, мысалы, *introduce, provide; to provide information* келеді.

Қорытынды.

Аударма саласы өз кезегінде көптеген мәселелерді қарастырады. Тек аудармашы ғана бағындыра алатын белестерге ұлтаралық және мәдениетаралық қарым-қатынастар, тілдік ерекшеліктер мен алуан түрлі менталитеттегі кәсіби тақырыптар жатады. Жоғарыда берілген мақалада заман талабын қамтитын бірнеше ойлар мен пікірлер, терминдер мен олардың ұғымдары, тілдік платформалар мен тілдік қабаттар, түсіндірме ережелері мен сұлбалар, танымал

зерттеушілердің теориялық ізденістері және тақырып аясын толықтыратын күрделі мысалдар кездеседі. Мақаланың негізгі тірек сөзі болып табылатын «трансценденциялық стратегия» ұғымын ресми құжаттарды аудару барысында қолдану арқылы аударма стратегиясының мән-мағынасын жан-жақты ашуға тырыстық. Сонымен қатар, аударма үрдісіндегі стратегиялық күзіреттіліктің белгілі жүйелері экспликативтік әдіс арқылы нақтыланды. Ресми құжаттар, соның ішінде аталмыш қаулы мақаланың негізгі мақсатын мейлінше толық қанды ашты. Мақала көлемінің шама-шарқына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 9 маусымында қабылдаған № 597 қаулысының тек бірер мәтіндері ғана талқыланды. Соның өзі болашақта аударма үрдісінде болатын кемшіліктерден аулақ болуды көрсетеді. Түйіндей келе, аударма жасау саласы тыңғылықты білімді қажет ететін және қателіктерді кешіре бермейтін ғылым саласы екеніне көз жеткіземіз. Олай болса аудармашы қырағы сарапшыдай бұл салада кездесетін әрбір кішкентай нәрсеге, құрамдық бөлшектерге аса зор көңіл бөлуі қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Wilss W. Der Übersetzer: ein «Experte fürs Allgemeine»? In: P.A. Schmitt & H.E. Jüngst (Hrsg.): *Translationsqualität*. – Frankfurt am Main 2007). – S. 648–660.
2. <https://www.duden.de/rechtschreibung/Transzendenz>
3. PACTE (2000), ‘Acquiring Translation Competence: Hypotheses and Methodological Problems in a Research Project’, in Allison Beeby, Doris Ensinger and Marisa Presas (eds.) *Investigating Translation*. – John Benjamin’s: Amsterdam. – P. 99-106.
4. First results of a translation competence experiment: ‘Knowledge of translation’ and ‘Efficacy of the translation process’. In: Kearns, John (ed.). *Translator and interpreter training. Issues, methods and debates*. – Bloomsbury: London 2008. – P. 104-126. ISBN 9780826498069. <https://core.ac.uk/download/pdf/78542829.pdf>
5. H. Risku. *Translational competence. Cognitive foundations of Translation as an expert activity*. – Tübingen, London, New York etc. 2006. –123.
6. Maher P. Explication defended // *Studia Logica* 2007. Volume 86, Number 2, July 2007. – pp. 331–341.
7. <https://www.google.com/search?q=қаратпа+қыстырма+сөздер>.
8. Synonyms for priority from Random House Roget’s College Thesaurus, Revised and Updated Edition © 2000 Random House, Inc. <https://dictionary.cambridge.org/ru/thesaurus/priority>
9. <http://www.mtdi.kz/audarmashyga-komek/suraq-jawap>
10. Салжанова Л.Е., Оспанова Г. Причины применения «декомпрессии» и «компрессии» в переводе. Материалы 5-ой Межд. научно-практ. Конф. «Иноязычное обр.-опыт, иннов. и персп.». 12-13. 11. 2018. – Б. 364-369.
11. <https://kk.wikipedia.org/wiki>; Полиграфия, өлшеу техникасы, ағаш өңдеу жабдықтары және металл өңдеу техникасы мен технологиясы: Қазақша-орысша терминдердің түсіндірме сөздігі.

УДК: 81'25

Мурзагалиева А.,

Бакалавр студенті, “6B02301 – Аударма ісі”

Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ

Алматы, Қазақстан

e-mail: aruzhanm1108@gmail.com

Каримова К.К.,

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ

Алматы, Қазақстан

MARVEL ФИЛЬМДЕРІНІҢ ДУБЛЯЖЫНДАҒЫ ӘЗІЛ АУДАРМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада Marvel фильмдерінің дубляжы контекстіндегі әзіл аудармасының ерекшеліктері мен мәселелері зерттеледі. Осы фильмдердегі комедиялық элементтердің бірегейлігі мен мәдени ерекшеліктерге назар аудара отырып, мақала аудармашылардың әзілге ықпал ететін тапқырлықты, сөздік ойынды және мәдени сілтемелерді сақтаудағы қиындықтарын зерттейді. Зерттеу тілдік және мәдени кедергілерге қарамастан, болжамды әзіл-оспақ әсерін сақтаудың маңыздылығын көрсетеді, ал бұл өз кезегінде аударма процесінде бейімделу мен шығармашылық қажеттілігін айқындайды. Marvel фильмдерінің нақты мысалдарын талдай отырып, мақалада дубляж мамандары әзілді тиімді жеткізу және аударылған мазмұнның әртүрлі аудиторияларда әсер тудыруын қамтамасыз ету үшін қолданатын стратегиялар мен аударма трансформациялары туралы түсінік беріледі. Бұл тақырып танымал кинематография контекстінде әзіл аудармасын түсінуге құнды үлес қоса отырып, оның осы саладағы аудармашылар мен зерттеушілер үшін өзектілігін көрсетеді.

Тірек сөздер: фильм, әзіл, аударма, адаптация, анализ.

Murzagaliyeva A.,

Bachelor's student of Ablai khan, “6B02301 –

Translation Studies”, Ablai khan KazUIRandWL,

Almaty, Kazakhstan

e-mail: aruzhanm1108@gmail.com

Karimova K.K.,

Candidate of Philological Sciences,

Associate Professor, Ablai khan KazUIRandWL,

Almaty, Kazakhstan

SPECIFICS OF TRANSLATING HUMOR IN MARVEL MOVIES DUBBING

This article explores the peculiarities and problems of translating humor in the context of dubbing Marvel films. It delves into the challenges faced by translators in preserving the wit, wordplay, and cultural allusions that contribute to humor, while focusing on the distinctiveness and cultural subtleties of the humorous aspects found in these films. The study highlights the importance of maintaining the intended humorous effect despite linguistic and cultural barriers, which sheds light on the need for adaptability and creativity in the translation process. Analyzing specific examples from Marvel movies, the article provides an insight into the strategies and translation transformations used by dubbing professionals to effectively convey humor and ensure that translated content resonates with different audiences. This theme makes a valuable contribution to understanding the translation of humor in the context of popular cinema and emphasizes its relevance to translators and researchers in this field.

Key words: movie, humor, translation, adaptation, analysis.

The pivotal role of cinema in shaping our daily lives is unequivocal. It stands as an integral component of contemporary existence, playing a vital role in the moral, aesthetic, and cultural upbringing of the majority. In today's landscape, the prevalence of foreign films, particularly those in the English language, in mass circulation far surpasses the production of domestic films. This dynamic dictates a burgeoning demand for translations of these international cinematic creations. Curiously, despite this demand, scant attention is devoted to strategies and approaches for translating film texts, especially into the Kazakh language, within available translation guides. Furthermore, the disparity in the official dubbing of English films into Russian, compared to the scarcity of official Kazakh-language dubbings, raises pertinent questions. Notably, the scarcity of research on humor translation into Kazakh contrasts with the rich body of work in Russian by linguists such as Herz A.S., Kisel V.S., Nekrutenko E., and Dolgova A.O., who have extensively explored the translation of English humor. The art of translating humor in Marvel movies' dubbing is a complex and fascinating process that requires a deep understanding of cultural nuances and linguistic creativity. This article aims to address these gaps, delving into the intricacies of translating cinematic content, with a specific focus on humor, in the context of the Kazakh language.

Feature film translation is the specific form of the literary translation that creates the interlinguistic and esthetical communication through making new content that was interpreted from one language to another [1]. Effectively communicating the original meaning, material, ideas, emotions, and artistic nuances through the translation process is the main goal of film translation. It is obvious that a film translator needs to be proficient in two or more languages; if not, the translation's quality could deteriorate and the unique qualities and national characteristics of the original movie could be lost. Maintaining translation quality requires careful attention to word usage, linguistic rules, and faithfully conveying the intended meaning. It is imperative to recognize the importance of maintaining the literary elements. This type of translation emphasizes that movies don't have to be translated word for word; instead, the emphasis should be on expressing the meaning, impact, and literal power of each phrase.

Research on film translation divides it into several forms: dubbing and subtitles [2].

Gottlieb defines subtitling as “the rendering in a different language of verbal messages in filmic media, in the shape of one or more lines of written text presented on the screen in sync with the original written message” [3]. The fact that subtitles are always condensed copies of the audio track of the audiovisual material is a crucial aspect in subtitling. In order to give the audience ample time to read the subtitles—even during a rapid-fire dialogue—they must be shorter than the audio. The ideal situation is for the spectator to be able to read the captions with so little effort that they are not even aware that they are reading. There is a range of 40 to 75 (!) percent reduction in the amount of words used in the utterances [4].

Features of subtitle translation:

- costs less money and time;
- can be used as a teaching tool to help students learn a language.

Cons of the subtitles:

- Viewers must use extreme patience when reading subtitles. They have to watch the movie and read the subtitles at the same time, so they miss some of the information that is provided.
- Because of the visual content display and the speaking speed of the film characters, it is impossible to properly express the discourse meaning during the subtitle translations. This is due to the subtitles row's character count restriction of 30–40.

Translations of TV shows and movies are another common usage for the technique of placing subtitles at the bottom of the frame for original films [5].

It is necessary to introduce the fundamentals of dubbing as well as the limitations it places on the translation process in order to comprehend the analysis of the amusing circumstances presented in this article. Dubbing is “the replacement of the original speech by a voice track which attempts to follow as closely as possible the timing, phrasing and lip-movements of the original dialogue”. “Dubbing” (“doublage”) means “doubling” in French. The merits (e.g. accessibility to a wider audience and the

absence of subtitles) and demerits (e.g. difficulties with credibility and authenticity that are costly and time-consuming) of dubbing are often discussed among the researchers of the field [6]. There are several processes involved in the dubbing process. By taking into account the components that require synchronization, it is easy to observe how these processes restrict the translator:

(1) In views when the actors' lips or entire face are visible, the actor's lip movements must match the target text (utterance), particularly when the actor is using open vowels and bilabial and labio-dental consonants.

(2) The actors' body language is essential because the target text (utterance) needs to match the actor's head, arm, or any other movement, which typically happens when the actor is making an assertion, negating something, showing surprise, etc.

(3) The actors' timing of their speech is crucial. The goal text (utterance) should align with the time interval that begins with the character opening their mouth and concludes with them closing it.

Beginning with the translation is dubbing. If the translated content language is common and high quality, then the dubbing will give good results. Every movie has an own stance, vocabulary, and aesthetic. There will be speeches from a variety of characters, including a criminal, an official, and a doctor. The actor needs to comprehend and synchronize with the translator, who will attempt to preserve the discourse's rhythms and unique features. The dubbing technique is currently employed by Kazakhstan TV broadcasters, and it has been since 1940. Reviewing this information, we are reminded of some of the greatest artists from Kazakhstan, like Abdulla Karsakbayev, Kaltay Muhamedzhanov, Kulpan Akhmetova, Huat Abuseitov, and Maira Abuseitova. They were, in fact, the dubbing masters, and the people who came after them—Mukhtar Baktygereyev, Altynbek Kenzhekov, Aubakir Ismailov, Makil Kulanbayev, Ashirali Kenzheyev, Nurmukhan Zhanturin, Esim Segizbayev, Tungyshbai Zhamankulov, Aksakal Kalmyrzaev, Farida Sharipova, etc.—made a significant contribution to the formation and advancement of film translations. These personalities are recognized as art representatives who contributed to the enhancement of the creative portion through translation and dubbing. The people who remain off-screen and whose names are typically left unsaid are translators [7].

In linguistics, humor refers to the use of various linguistic means aimed at creating a humorous, comic effect [8]. Humor is not only a linguacultural, but also a sociocultural phenomenon, in the creation of which various linguistic means and stylistic techniques can be involved. Therefore, when translating English humor, it is necessary, in our opinion, to take into account that humor is directly related to national character – a peculiar national flavor of feelings and emotions, a way of thinking and acting, stable national traits of habits and traditions. Research by Mizamkhan B.: “When two different languages meet, in fact, it is a meeting of two different cultures. Two people from different countries can communicate with each other, but their successful understanding and communication depends not only on their understanding of the language itself, but also on their understanding of the culture involved in the language” [9]. Thus, even rare inclusions of foreign words, in addition to creating a certain image of the character's linguistic personality, additionally carry a cultural signal that is correctly perceived only “in their own circle” or by a trained reader [10].

The problem of the linguistic foundations of the translation of humor has been studied since the formation of translation studies. L.S. Barkhudarov worked on the search for a linguistic form for the transmission of humor and believed that in translation it is not enough only to adequately convey its meaning, it is necessary to make it understandable to the reader of the translation, but if possible preserving its humorous orientation. To do this, the translator is recommended to use various techniques, stylistic means, transformations – interlanguage transformations used to achieve translation equivalence [11].

Even seasoned translators may find it difficult to translate humor, therefore it could be beneficial for aspiring interpreters and translators to experience it in training. The literature regularly discusses the challenges of translating humor. One of the issues could be that humor in all of its forms—jokes, wordplay, puns, and idioms—is significantly influenced by language and society. Venuti addresses target texts as comparatively independent creations, domesticated modifications of the source language

writings, reflecting more of the target culture and language while maintaining its relationship to the source text. This is demonstrated in an article about translating humor in literary works. He makes the argument that there are always some gains and loses during the translating process. It is possible for us to constantly witness “a loss of the foreign text at various levels: a loss of form and meaning, syntax and lexicon, sound and meter, intertextuality, and allusion [12].” Both Martínez-Sierra and Jankowska have observed that there can be a loss in both quantitative and qualitative aspects while translating humor. By examining jokes, they discovered that the target text is less humorous than the source text independent of language pair and translation technique. This could be because there are fewer humorous aspects in the target text, but it could also be because the humorous elements are less humorous. However, additional amusing aspects inserted into the narrative may make up for losses [13].

However, as translating “really recontextualizes, is exorbitant in its creation of another context,” there may also be benefits to translation, both linguistically and culturally [12]. The linguistic and cultural benefits of literary translations, in particular, often outweigh the benefits of the source text and are important primarily for the reader in the target language, since it reveals aspects of the host culture, its values and traditions. The source text’s formal and semantic aspects are changed. Because they go beyond conveying a clear message and take into account the linguistic and cultural context of the recipients, Venuti refers to these effects as “domestic ‘reminders’ in a translation” [12].

Because humor is subjective and depends on the individual, translating humor can be subjective as well. It also depends on the genre; wordplays, puns, and idioms that are specific to a language or culture tend to be more difficult to translate than situational or anecdotal humor that focuses on universal aspects of human existence and is found amusing by people of different cultures.

It’s challenging to translate humor from English into Kazakh in Marvel movies; one must employ a variety of translation techniques and take into consideration the quirks of Kazakh culture. In order to accurately express the author’s meaning to the reader, humor translators must maintain not only the semantic substance of the text but also its emotional and cultural complexity. Examples of analyzing the humor translation in the Marvel movies dubbing based on the film “The Avengers: Age of Altron.” (Table 1; Table 2; Table 3).

Table 1

Scene	Original text	Kazakh translation
28:02 the scene of the Avengers team threw a party at Stark Tower, where they challenged Stark to be able to pick up Thor’s hammer.	-If I lift it, I then rule <i>Asgard</i> ¹ ? I will be reinstating <i>prima nocta</i> ³ then.	-Сонымен, оны көтерсем, <i>Асгардтың</i> ¹ <i>әміршісі</i> ² боламын ба? -Әйелдердің барлығы менікі болады деген заң шығарамын ³ .

1) **Transliteration (LT):** The translation preserves the original structure of the name “*Asgard*” by transliterating it in Kazakh letters as “Асгард”. This approach preserves the phonetic sounds of the original name in English.

2) **Modulation or semantic development transformation (LT)** was employed when translating the phrase “*rule Agard*”. It was modulated as “*Асгардтың әміршісі*” into Kazakh language.

3) **Explicatory translation (LGT) and Cultural adaptation (domestication):** “*Prima nocta*” is a supposed legal right in medieval Europe, allowing feudal lords to have sexual relations with any female subject, particularly on their wedding night. Nevertheless, it does not have an equivalence in Kazakh language, that is why the translator used **explicatory translation** to give the explanation of this phrase. And it was explicated as “*Әйелдердің барлығы менікі болады деген заң шығарамын*”. In addition, the translator **culturally adapted** and **domesticated** this expression.

4) **Transposition transformation** (changing the word order) was used during the translation from English into Kazakh as the word order of the original has changed, because Kazakh and English languages are from distinct language families, their word orders are highly different from one another.

In general, we see that although the translator did not translate humor verbatim, but used various transformations and techniques in translation, he managed to preserve the intended meaning of the humor.

Table 2

Scene	Original text	Kazakh translation
34:24. When the team was discussing and explaining the issue of Ultron's sudden appearance:	- <i>Genie's out of that bottle</i> ¹ . <i>Clear</i> ² and <i>present</i> ³ is <i>Ultron</i> ⁴ .	- <i>Жаңа жау құтты болсын!</i> ¹ <i>Альтрон</i> ⁴ екені белгілі ² .

1) **Cultural adaptation: domestication and complex compensation (LT):** In the original, “*Genie's out of that bottle*” is an English idiom meaning that some negative process or phenomenon has already begun and now it is difficult to stop it. A literal translation or word-for-word translation of this idiom like “*Джин бұл бөтелкеден қашып шықты*” would be ridiculous in this case. That is why it was **culturally adapted** and **complexly compensated** as “*жаңа жау құтты болсын!*” into Kazakh language.

2) **Concretization (detailing technique):** In the second sentence, the word “*clear*” was not translated as “айқын/анық” into Kazakh. It was concretized as “белгілі” into the target language. These method helped to preserve the main semantic and stylistic aspects of the original when adapting it into the Kazakh language.

3) **Omission (TT).** The word “*present*” in the original text was omitted when translated into Kazakh language.

4) **Transcription and transliteration (LT):** “*Ultron*” was transcribed in the first syllable and transliterated in the second as “*Альтрон*”. The translator reproduced the sound and graphic form of the word in Kazakh language.

5) **Transposition transformation** (changing the word order): during the translation from English into Kazakh, the word order of the original text has changed.

Table 3

Scene	Original text	Kazakh translation
59:24 After the destructive fightings in the city the team was called to the meeting.	- <i>The news</i> ¹ is loving you <i>guys</i> ² . <i>Nobody else is</i> ³ .	- <i>Жаңалықтан</i> ¹ <i>тек</i> ⁴ <i>сендерді</i> ² айтып жатыр. <i>Жаман аттарың шықты</i> ³ .

1) **Grammatical substitution (change of the noun number category):** During the translation the word “*news*” was grammatically substituted and translated as “*жаңалық*” into target language. In the original text, “*news*” is used in the plural form, while in the target translation, the noun number category of the word was changed.

2) **Generalization (LT):** “*Guys*” in the source text was generalized and translated as “*сендер*” into Kazakh language. The replacement of a unit with a narrower meaning with a unit of the translating language with a wider meaning was reproduced.

Modulation or semantic development: The phrase “*loving you*” was modulated during the translation into “*айтып жатыр*”. It would be inappropriate to translate as “*сендерді жақсы көреді*”.

3) **Cultural adaptation:** The translator adapted the sentence “*Nobody else is*” in the Kazakh language and translated it as “*Жаман аттарың шықты*”. It wasn't translated by using direct translation “*басқа ешкім емес*” as it would be inappropriate in this case.


4) **Addition (TT):** The word “*тек*” was added in the translation, in order to be more specific about whom the news is about.

5) **Transposition** (changing the word order): during the translation from English into Kazakh, the word order of the original was changed, because Kazakh and English languages are from distinct language families, their word orders are highly different from one another.

In conclusion, the emphasis on translating humor in Marvel films provides a fascinating look at the complexities of cinematic translation. The analysis of various translation methods emphasizes the importance of preserving the intended meaning and cultural nuances, especially in the context of

Kazakh humor. The subjectivity of humor is influenced by language and culture. Therefore, the main task of translation, both from a linguistic and cultural point of view, is to convey the essence of the source text to a wider audience.

To analyze the translation of humor into Kazakh, several examples from the original dubbing of the film “The Avengers: Age of Altron” and its Kazakh dubbing were given (Table 1; Table 2; Table 3). The difficulty faced by translators is striking a balance between maintaining the original text’s accuracy and successfully communicating meaning to readers in the target language. This analysis of the translation of the humor of Marvel films demonstrates the translator’s ability to preserve humor through lexical, cultural and grammatical transformations. The translators used various methods of translation, such as cultural adaptation (domestication), translation transformations: modulation, transposition, omission and etc. The main task of the translators was to convey the essence of humor, taking into account cultural and linguistic differences. Below is a pie chart that shows the percentage of translation strategies used by translators (Pie chart 1).



In general, for the research 25 scenes from the movies “Avengers: Age of Ultron” and “Spider Man: Homecoming” were taken. We have analyzed 150 lexical units. From the diagram, we can see that the following transformations were used more often than others:

- Cultural adaptation: 25%
- Transposition: 25%
- Modulation: 17%

REFERENCES

1. Кузьмичев С.А. Перевод кинофильмов как отдельный вид перевода. – ВЕСТНИК Московского государственного лингвистического университета М., 140-149.
2. Райс К. (1978). Классификация текстов и методы перевода. Вопросы перевода в зарубежной лингвистике. Москва: Международные отношения, 202-228 стр.
3. Gottlieb, H. (2001). ‘Subtitling: visualizing filmic dialogue’, in Garcia, L. & Pereira Rodriguez, A. M. (45.), pp. 85-110.
4. Antonini, R. (2005). ‘The perception of subtitled humour in Italy: An empirical study’, in Chiaro, D. (ed.), HUMOR: International Journal of Humor Research, Special Issue Humor and Translation, 18 (2), pp. 209-225.

5. Адаева Е.С. (2014). Киноаударманың түрлері: субтитр және дубляж. Қарағанды университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 4(76), 101-108.
6. Luyken, G-M. et al. (1991). Overcoming Language Barriers in Television: Dubbing and Subtitling for the European Audience. Manchester: European Institute for the Media.
7. Akerke Bolatbekkyzy Abagan and Bayan Nursultanovna Jubatova. Film Translation Process: Forms, Peculiarities and Periodic Characteristics –Man In India, 97 (6): 181-191.
8. Королева Ю.П. Understanding English Humor. – М. : Национальный книжный центр, 2014. – 64 с.
